

«Бекітілді» _____
МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
29 тамыз 2018 жыл
Шешімі негізінде №75 бұйрық

**2018-2019 оқу жылынына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу
бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары
І кіші «Балапан» тобы**

«Бекітілді» _____
 МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
 №1 педагогикалық кеңесте
 29 тамыз 2018 жыл
 Шешімі негізінде №75 бұйрық

I кіші топ «Өтпелі» тақырыптар

№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Балабақша»	1. Менің балабақшам. 2. Менің достарым. 3. Менің сүйікті ойыншықтарым. 4. Балабақшадағы үлкендердің еңбегі.
2	Қазан	«Менің отбасым»	1. Менің отбасым. 2. Менің көшем. Мен тұратын үй. 3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік. 4. Алтын күз.
3	Қараша	«Дені саудың жаны сау»	1. Пайдалы көкөністер. 2. Жеміс бағында. 3. Өзім туралы. Мен кімін? 4. Мөлдір су.
4	Желтоқсан	«Бізді қоршаған әлем»	1. Қуыршақтың жиһаздары.. 2. Қуыршақтың киімдері. 3. Ыдыстар. 4. Ғажайып қыс
5	Қаңтар	«Біздің кіші достарымыз»	1. Ауладағы құстар. (Үй құстары.) 2. Үй жануарлары. 3. Орманда нелер мекендейді? 4. Құстар біздің досымыз.
6	Ақпан	«Мен және қоршаған орта»	1. Көліктер. 2. Мамандықтың бәрі жақсы 3. Музыкалық аспаптар 4. Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз.
7	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	1. Анамды мен сүйемін. 2. Ертегілер елінде. Театр әлемі. 3. Әжеге қонаққа барамыз. 4. Мерекелік дастархан.
8	Сәуір	«Табиғат әлемі»	1. Нұр төккен, гүл көктем. 2. Ағаштар 3. Су әлемі. Аквариум 4. Жәндіктер.
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1. Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер. 2. Жыл 12 ай. 3. Мен жасай аламын. 4. Көңілді жаз

I кіші топ 2018жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Менің балабақшам	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша барамыз» Мақсаты: Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүруге; қол ұстасып, шеңбер құрып тұруға үйрету; жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрете қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу; 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша барамыз» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. Тапсырмалармен жүгіру: домалап бара жатқан заттарды қуып жету. Қос қолмен допты алға қарай лақтыру. Алға жылжи отырып секіру. Балалардың өздігінен қимыл-қозғалыс әрекеттері барысында белсенділіктерін дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша барамыз» Мақсаты: Шектелген жазықтық бойынша жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге белсеніп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің тобым. Топқа саяхат» Мақсаты: Балаларды ұжымдық шараға қатысуға үйрету, тәрбиешінің айтқанын өз еркімен тыңдап, қоршаған ортада айтылған сөздерді түсініп, дыбысқа еліктеу және қарапайым сөздерді айтуға дағдыландыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің тобым» Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, ондағы топ бөлмелерімен таныстыру. Онда кімдер не істейтіні туралы ұғындыру. Баланың тілін дамытып, сұраққа толық жауап беруге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға үйрету, үлкендер еңбегіне құрметпен қарап, баланы тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Терезелі үй» Мақсаты: Балаларға екі берілген түс бойынша қызыл,көк түсті танып, атауға үйрету. Екі затты көлемі бойынша салыстыруға үйрету. Заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту. Қызығушылығы мен зейінінің дамуына көмектесу.	Сурет салу Тақырыбы:«Карандаш-біздің көмекшіміз» Мақсаты: Карандашпен жұмыс жасауға, тіке және көлденең сызықтарды салуға, карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Балларды ұқыптылыққа еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу. Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл-ойын:«Жүреміз, жүгіреміз» Г.Абдрахманова 2.Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Жүреміз, жүгіреміз» Г.Абдрахманова

II апта	Менің достарым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді достарым» Мақсаты: Қол ұстасып, шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүру. Сызықтар арасымен жүру (арақашықтығы 25-30 см). Алға жылжи отырып секіру. Допты төменнен екі қолмен лақтыру. Балаларды қимылдардың алуан түрлерімен таныстыру, оларда жүйелі жаттығу үшін жағдай жасау. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді достарым» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді достарым» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. 3 м төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос» Қ.Мырзаәлі Мақсаты: құрдастармен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету; ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу; өзара сыйластыққа тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен және менің достарым» Мақсаты: топтағы балалардың атымен атауды үйрету, ұл,қыз ұғымдары туралы түсініктер беру; қарым-қатынас жасай білуге үйрету; Құрастыру Тақырыбы: «Түрлі түсті мұнара» Мақсаты:баларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету; оларды түсіне, пішініне, көлеміне қарай ажырата отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру;	Аппликация Тақырыбы: «Достарыма арналған пирамида» Мақсаты: Балаларға пирамида туралы түсінік беру, пішіні, түсін ажырата білуге үйрету. Балалардың қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай отырып, дайын пішінді дұрыс орналастыру. Сурет салу Тақырыбы: «Досыма арналған кесені әшекейлеу» Мақсаты: балалардың гуашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға бейнеленгендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу; саусақ, қол қимыл-қозғалыстарын икемділіктерін дамыту; еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу; Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту. Ән тыңдау: «Кел, билейік» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова
---------	----------------	--	---	--	--

III апта	Менің сүйікті ойыншықтарым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Менің көңілді добым» Мақсаты: Ойыншықтар туралы түсінік беру. Допты алға домалатуға үйрету. Түзу бағытта жүре білу іскерліктерін бекіту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Менің көңілді добым» Мақсаты: Допты алға домалатуды жетілдіру. Тәрбиеші көрсетуі бойынша қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Алға жылжып секіруге, допты екі қолымен астынан ұстап лақтыруға үйрету. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Менің көңілді добым» Мақсаты: «Сылдырмақты тап» тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 40см доғаның астынан еңбектеу; жаттығуларды орындау барысында жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру;	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету; қандай сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету; ұқыптылыққа баулу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары» Мақсаты: Балаларды ойыншық туралы түсініктерін қалыптастыру.Ойыншық аттарын атауға үйрету.Ойыншықтарды қасиеті мен жасалу жолдарын ұғындару.Ойыншықтарға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру. Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар» Мақсаты: Балаларды өлшемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық пішіндерді кезектестіруге үйрету. Жеке түстер туралы түсінік беру, ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындай отырып, қол маторикасын дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің әдемі добым» Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету, қозғап жылжытуға,.балаларды қылқаламен дөңгелек жасап, бояуға, түстер мен пішіндерді ажыратуын бекіту. Өз еркімен жұмыстануға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді» Қимылды ойын 2. Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Таныс әуендерді тыңдап, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді»
----------	----------------------------	---	---	---	---

IV апта	Балабақшадағы үлкендердің еңбегі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты:Айтылған бағытта, шенбер бойымен арқанды ұстап, тәрбиешінің артынан жүруге; тапсырмалары бойынша жүгіруге жаттықтыру. Екі аяқпен тұрып секіруді, екі қолмен допты дөңгелетуді үйрету. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты: Белгіленге бағытта жүру. Еденнен 12 см биік көтерілген жіптен аттап өту. Қимыл белсенділіктерін ояту, ішкі ағзалардың дұрыс қызмет етуіне ықпал ететін белсенді қимылдарын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты: Сызықтармен шектелген (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аспаз» Н.Әлімқұлов Мақсаты: мамандық иелері туралы мағұлмат беру; өлең мазмұнын түсінуге және таныс сөздерді қайталауға үйрету; балабақшадағы аспаз еңбегі бағалауға тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларға нанды басқа тағамдарға қарағанда көбірек қолданатынымыз жөнінде түсінік беру. Нанның қасиеттерімен таныстырып , нанның қиқымын жерге тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Нан туралы мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тапмақты оқу және қайталату, балалардың сөздік қорын жетілдіріп, тілін дамыту. Нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп, үлкендердің еңбегін құрметтеуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Аспаздың құралы» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру тәрбиеші ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын қазанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Күтуші орамалын әшекейлеу» Мақсаты: топтағы күтушінің еңбегін бағлау; балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бауырсақтар» Мақсаты: Балаларды илемді материалдармен таныстыру: ермексазды шымшып, үзіп алу және домалақтау тәсілін үйрету; Балалардың мүсіндеуге қызығушылықтарын тудыру. Материалдармен ұқыпты қолдануға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету, әуендердің бейнелік сипатын түсіну. Ән тыңдау: «Әлди-әлди» қазақ халық әні. Ән айту: «Сылдырмақ» Е.Хасанғалиев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Орындықта отырып билейміз»
---------	----------------------------------	---	---	--	--

I кіші топ 2018 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Менің отбасым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Түзу жолмен, шектелген сызықтармен (ені 30 см, ұзындығы 2 м) жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. Допты төменнен бастан асыра қос қолмен лақтыру. Тірек-қимыл аппараттарын нығайту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Сызықтармен шектелген (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін үстел-үсті театрында көрсету. Дид.жаттығу: «Кім, не бар?» «Айт –а -а» Мақсаты: Балаларды «Шалқан» ертегісін тәрбиешімен бірге естеріне түсіріп айтуға, ертегіде қандай кейіпкерлер бар екендігін, етістік, белсенді сөздік қоры: батыру, жеу, т.б «а» дыбысын жай екпінмен созып анық айтуға жаттықтыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Балаларға отбасы және мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Біздің үй» Мқсаты: балаларды 2 әртүрлі фигураны заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып, олардың пішініне және көлеміне қарай топтастыру; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; ұқыптылыққа тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп ораманың суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету. Балалардың қол қимылдарының қозғалыстарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу Ән тыңдау: «Нешеуміз» А.Тоқсанбаев Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова 2.Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Отбасы жылулығын музыка арқылы сезіндіру. Ән салу дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Нешеуміз» А.Тоқсанбаев Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова

II апта	Менің көшем. Мен тұратын үй	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің көшеде» Мақсаты: Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру. Алға жылжи отырып секіру. Допты бастан асыра қос қолмен лақтыру. Тыныс алу бұлшық еттерін қалыптастыруды жетілдіру, «Біз шаршадық» тыныс алу жаттығуы 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің көшеде» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. 6 м арақашықтыққа тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің көшеде» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 7 м арақашықтыққа тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Кеңістікті бағдарлауын дамыту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шұбар тауық» Мақсаты: ертегіні тыңдай білуге үйрету; балаларды кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс-тұрысын таладуға, оларға баға беруге үйрету; Ертегіге деген қызығушылығын арттыру;	Жаратылыстану Тақырыбы: "Менің көшем" Мақсаты: өздерінің тұратын көшелері туралы қарапайым түсінік беру. Балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру. Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: балалрды құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге үйрету; олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарды кеңістікте орналастыра білу;	Аппликация Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: балалрды пішіндермен таныстыру; үйді геометриялық пішіндерден құрастыруды үйрету; тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттердің қозғалысын жетілдіру; Сурет салу Тақырыбы: «Біз қыдыруға барамыз» Мақсаты: Балаларға саусақтар көмегімен іздерді салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Өн тыңдау: «Шулы дыбыс» муз.А.Айтуова Өн айту: «Біз-көңілді баламыз» Б.Жұмабекова Әуенді ырғақты –қимыл ойын: «Күн мен жаңбыр»
---------	-----------------------------	---	--	--	---

III апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақпен серуенде» Мақсаты: Қол ұстасып жүппен жүру. 10 м арақашықтыққа тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Допты тәрбиешіге қос қолмен домалату. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақпен серуенде» Мақсаты: Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру тапсырмалар арқылы жүгіру. Бір орында қос аяқтап секіру. Жағымды эмоция алу үшін, ойыншықтармен ойнау ниеттері үшін жағдай жасау. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақпен серуенде» Мақсаты: Күшікке қонаққа «шағын топпен» бару. Тапсырмалар арқылы жүгіру - «Сабалақ ит» ойыны. Бір орында қос аяқтап секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді» (Ыдыстардың қауіпсіздігі) Мақсаты: ыдыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттар мен қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; балаларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршақ Сәуле қонақ күтуде» Мақсаты: Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру.; «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Көше шамдары» (саусақпен сурет салу) Мақсаты: Балаларды саусақпен сурет салуға үйрету, сызық қағаз бетіне бірқалыпты таңба сияқты бояуды жағу. Сурет салуға қызығушылығын, жақсы көзқарасын дамыту. 1.Музыка Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, аяқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев) 2. Музыка Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Музыканың тез және жай ырғағын қимылмен көрсету. Әнді дауысқа күш түсірмей, аяқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)
--	--	---	--	---	---

IV апта	Алтын күз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сарғыш тартып жапырақ» Мақсаты: Қол ұстасып бірінің соңынан бірі жүру. Шектелген сызықтармен (ені 30 см, ұзындығы 2 м), түзу жолмен жүру. Алға жылжи отырып секіру «Қояндар алаңы». Жануарларға (қоян сияқты секіру) еліктеу іскерліктерін дамыту. Вестибулярлық аппараттарын дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сарғыш тартып жапырақ» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Қол тигізгенге дейін секіру - 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сарғыш тартып жапырақ» Мақсаты: Айналмалы жолмен жүру. Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Жапырақтармен айналу. Қимылды ойын «Жапырақтар түсті». Вестибулярлық аппараттарын дамытуды жалғастыру. «Жапыраққа үрлейміз» тыныс алу жаттығулары.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең) Күлаш Ахметова Мақсаты: күз мезгілі туралы түсінік беру; Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету. Өлеңді жаттату арқылы сөйлеу тілін, есте сақтау қабілетін дамыту;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақшадағы көкөністер» Мақсаты: Балаларды «күз» мезгілі және оның ерекшеліктері (жаңбыр, жапырақтар сарғайып түседі, жаңбыр жауады, т.б) таныстырып, сұраққа жауап беруге үйрету. Табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттырып, әсемдікті сезінуге, сүйіспеншілігін қалыптастыру. Балаларды көкөніс түрлерімен таныстырып, оларды бір-бірімен түсі, пішіні, дәмін ойын арқылы ажырата білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күз туралы түсінік бере отырып, қима қағаздан жапырақтарды тәрбиеші көмегімен құрастыруды дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары» Мақсаты: Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетінде дақ түсуді үйрету. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалыстарын дамыту. Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәбіз» Мақсаты: ермексазды алақан арасына салып езу арқылы, сопақша етіп мүсіндей білуге үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Өн сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Өн тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Өн айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Қолшатыр»
---------	-----------	---	---	--	--

I кіші топ 2018 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлықа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Пайдалы көкөністер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді көкөністер» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді көкөністер» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. 10 м арақашықтыққа тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Отырып допты бір-біріне домалату. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді көкөністер» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. 3 м төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Д/О: «Ғажайып қалта» Мақсаты: балаларға көкөністердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру; олардың құрамы дәруменге бай екені, суық тию ауруына шалдықпандағы күресудің жолы екенін көрсету; сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу; мәнерлі айтып жаттату;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақшада не өседі?» Мақсаты: Көкөністер оларын түстері, жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу. Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Көкөністерді күтіп-баптауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Көкөніс толы себет» Мақсаты: Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге, жазықтықта үлкен көлемді геометриялық пішіндерді салыстыра білуге:қияр-сопақша, қызанақ-дөңгелек. Сөздік қорын толықтырып айта білуге дағдыландыру. Баланы танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу. Балаларды көкөніс түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қияр» Мақсаты: Балаларды саусақ әдісі арқылы жолақ салуға үйрету. Қол моторикасын дамытып, сенсорлық өлшеммен түстерді білуін қалыптастыру. Бояумен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Әннің мағынасын түсіну. Әнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын?». («Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық» (Үш тілдегі әндер» жинағынан) 2.Музыка Тақырыбы: «Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Әнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау Ән тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын». «Зерек ботақан» жинағынан Ән айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық»

II апта	Жеміс бағында	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхатқа барамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхатқа барамыз» Мақсаты: тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхатқа барамыз» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру. Алға жылжи отырып секіру. Сызықтармен шектелген (ені 25 см, ұзындығы 2,5 м) түзу жолмен жүру. Дене бөліктерімен (қол, аяқ) таныстыруды жалғастыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақов Мақсаты: Коммуникативті дағдыларын дамыту. Жемістерді (алма,өрік қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер, олар қандай?» Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір- бірінен сыртқы түрі және дәмі арқылы ажырата білуге үйрету; сыртқы түрі, түсі, атауларымен алма, алмұртты тани білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Алма мен алмұрт» Мақсаты: Екіге бөлінген затты орналастыра білуге үйрету; Жемістердің пішінін, түсін ажырата білуге үйрету;	Аппликация Тақырыбы: «Ыдыстағы алма» Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттармен таныстыру, желімсіз жапсыру техникасын жетілдіру; заттарды пішіні мен дәмі бойынша ажырата білуге үйрету, балалардың сенсорлық сезімдерін дамыту. «Бірдей», «әртүрлі» түсініктерімен таныстыру. Сурет салу Тақырыбы: «Вазадағы шие» Мақсаты: Балаларды шие жемісімен таныстыру. Сызылған контурдың ішіне бояуды саусақпен жағуға үйрету. Қызыл түсті тануды жалғастырып, баланың ұсақ қол моторикасын,көз мөлшерін дамыту. Сурет салуға қызығушылығын жетілдіру. Музыка Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін, көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру. Өн тыңдау: «Алтын күзде молшылық» А.Айтуова Өн айту: «Апорт деген тәтті алма» Әуенді –ырғақты қимыл- ойын: «Жемістер мен көкөністер»
---------	---------------	--	---	---	---

Ш апта	Өзім туралы. Мен кімін?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен және менің достарым» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. Қол тиер тиместей секіру. Түрегеп тұрып допты домалату. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен және менің достарым» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Түзу қойылған жіптің бойымен жүру. Мақсатқа жету үшін өздігінен жігерлілік таныту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен және менің достарым» Мақсаты:. Түрлі бағытта жүгіру; Тәрбиешіге допты лақтыру. Балаларды дыбыс және көру дыбыстарын дұрыс қабылдауға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Өс-өс» (балдырғанның қол аяғын созу, байғазы кітабы) Мақсаты: балаларға дене мүшелерімен таныстыра отырып, оларды атап білу; өлең арқылы тілдерін дамыту; «өс-өс» балалрдың дене мүшелерін, сергіту сәті арқылы ұйымдастыру;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің дене мүшелерім» Мақсаты:Балалар өз дене мүшерелін атап, көрсете білу: қол, аяқ, бас, дене және бас бөліктері көз, мұрын, ауыз, құлақ. дене мүшелерінің ерекшелігін үлкендердің –қ-қ «қол көтер» т.б бағыттауы бойынша көрсете білуге дағдыландыру, мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру; Сенсорика Тақырыбы: «Ұзын-қысқа» Мақсаты: ұзын-қысқа ұғымдарымен таныстыру; қашықтықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыру; көз мөлшерін дамыту; ұсақ қол моторикасын дамыту;	Сурет салу Тақырыбы: «Менің көйлегім» Мақсаты: Балаларға саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен әшекейлеуге үйрету; ой-қиялын дамыту; іс-әрекет арқылы қимыл-қозғалысарын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) 2. Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан)
--------	-------------------------	---	---	--	---

IV апта	Мөлдір су	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тазалықты сүйеміз» Мақсаты: Түрлі бағытта жүгіру. Қол тигізгенге дейін секіру. Шебер болып жатқан жіптің бойымен жүру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тазалықты сүйеміз» Мақсаты: Шектелген сызықтармен (ені 25 см, ұзындығы 2,5 м) түзу жолмен жүру. Допты төменнен қос қолдап лақтыру. Бір орында қос аяқтап секіру «Көңілді доптар». Тыныс алу бұршық еттерін дамыту «Көбік» ойыны. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тазалықты сүйеміз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Тәрбиешіге допты лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тазалықтың досы» Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу, тазалық ерекшеліктерімен таныстыру; өлеңді жаттап, есте сақтау қабілетін нығайту; Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолыңды жу Жусаң егер әрдайым Аппақ бетің-маңдайың Тазалықтың досы-Су деген осы	Жаратылыстану Тақырыбы: «Судың пайдасы» Мақсаты: Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға ластауға болмайтындығы жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру. Құрастыру Тақырыбы: «Сүлгі құрастыру» Мақсаты: тазалық құралдарымен таныстыра отырып, қиындылардан бүтін зат құрастыруға үйрету; іс-әрекет арқылы қимыл-қозғалысарын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейміз» Мақсаты: тазалық құралдары туралы түсінік беру; Сүлгіні сұлбасын әсемдеуге үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана отырып негізгі түсімен сурет салуға жұмыстануын қалыптастыру, бастаған ісін аяғына дейін аяқтап, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тамшылар» Мақсаты: Балаларға ермексазды есу арқылы ұзын жолақшадан үзіп, су тамшыларын мүсіндеу; бастаған ісін аяғына дейін аяқтауға, ұқыптылыққа үйрету; Музыка Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз» Мақсаты: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Ән тыңдау: «Біз-кішкентай бишіміз» Б.Жұмабекова Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев «Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кім жылдам?» қимылды ойын
---------	-----------	--	--	--	---

I кіші топ 2018 жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Қуыршақтың жиһаздары	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонаққа барамыз» Мақсаты: «Аюға қонаққа барамыз» түзу бағытта жүру. Алға жылжи отырып секіру «Көгалдағы қояндар». Басынан асыра допты қос қолмен лақтыру. Еліктеуге қызықтыру, ниет білдірту (қоян сияқты секіру, аю сияқты қорбаңдау), дербестік белсенділіктерін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонаққа барамыз» Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру. Домалап бара жатқан допты қуып жету. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонаққа барамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Көрсетуге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Қуыршақтың бөлмесі» Мақсаты: баларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту; сұрақтарға толық жауап беруге үйрету; дыбыстарды, сөздерді дәл айтуға үйрету;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме жиһаздары» Мақсаты:Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі төсек, оның түрлерімен таныстыру. Бөлме заттарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Бөлме жабдықтаймыз» Мақсаты: қонақ бөлмесін жабдықтауда жұмсақ және қатты жиһаздармен таныстыра отырып, оларды бір-бірінен ажыратуға, топтастыруға, атын атауға үйрету;	Сурет салу Тақырыбы: «Орындық» (табуретка) Мақсаты: Балаларды жиһаздармен таныстыруды жалғастыру; сопақша және түзу сызықты сыза білуге үйрету; Ұсақ қол моторикасын және кеңістікті бағдарлай білуін дамыту. Әсемдікті сезінуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі» 2.Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Эмоциясын көрсете білуін қалыптастыру. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Ұлпақарлар биі»

II апта	Қуыршақтың киімдері 1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шеберханада» Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Қол тиер тимес секіру «Масаны ұста». Сызықтар арасымен (сызықтар арақашықтығы 30 см) жүгіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шеберханада» Мақсаты. Түрлі бағытта жүру. Биіктігі 35 см доғаның астынан еңбектеп өту. Түрлі бағытта жүгіру, «Жапалақтап қар жауды» ойыны. Бір-біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып әрекет етуге үйрету. Вестибулярлық аппараттарын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шеберханада» Мақсаты:. Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. Дөңгелене қойылған жіптің бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру «Ұшақтар» ойыны.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақсаты: Желілік ойын арқылы балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» Мақсаты: балалардың киім туралы түсініктерін анықтату; киім атауларын бекіту, киім кию реттігін есте ұстауға үйрету; эстетикалық талғамын қалыптастыру; Құрастыру Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс материал) Мақсаты:балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылыс материалдарынан киім сөресін құрастыруға үйрету; педагогтың шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыру;	Аппликация Тақырыбы: «Әдемі көйлек» Мақсаты: киім түрлерімен таныстыру; дайын пішіндермен көйлекті әшекейлеуге үйрету; қағаз бетіне дұрыс қоюға үйрету; ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу; Сурет салу Тақырыбы:«Мойынорағышты әшекейлеу» Мақсаты: Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру. Балаларды саусақты бояуға малып ұсынған пішін бойынша із қалдыру. Қызыл түсті тануға үйрету. Жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелу. Музыка «Аяқтарды топылдат» Мақсаты: әнді тыңдауға және әуенге жеңілқозғалуға, шеңбер боймен тұруға, шүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту.
---------	---	---	---	--

Ш апта	Ыдыстар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асханаға саяхат» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру «Орманда қыдырамыз». Алға жылжи отырып секіру «Қоян секіреді». 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру «Аю ағаш басына шығады». Табан күмбезін нығайту, жалпақ табандылықтың алдын алу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асханаға саяхат» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Екі сызықтың арасынан (сызықтар арасының арақашықтығы 30 см) жүгіру. Допты тәрбиешіге лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асханаға саяхат» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Түрлі бағытта жүру «Біз көңілді қар бүршігі». Допты екі қолмен төменнен лақтыру. «Қар кесегін қуып жет». Тыныс алу жаттығуын орындау «Жел соғады».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қоянның туған күні» Мақсаты: Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Қонақжайлыққа баулу;	Жаратылыстану Тақырыбы: Дид.ойын: «Қуыршақтың ыдыс-аяғын жуамыз» Мақсаты: Балаларды ыдыс аяқ түрлері (кесе, шәйнек, тәрелке) таныстыра отырып, белсенді сөздік қорын дамыту. Баланың ой-өрісін дамытып, заттарды сипаттап салыстырып айта білуге үйрету. Сенсорика Тақырыбы:«Үлкен-кіші кеселер» Мақсаты: балаларға ыдыс-аяқты таныстыру; үлкен-кішіні айыра білуге үйрету; кеңістікті пайдалана отырып, ыдыстарды орналастыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Тарелкені әшекейлейміз» Мақсаты: Тәрелке өрнегіне ашық сызықшаны жағу, қылқалам темірінің шегінен нақты ұстап, түгінің ыңғайына қарай бояуды алып тегіс жағуға үйрету, негізгі түстерді ажыратып білу дағдыландыру. Әсемдік талғамына тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Дастархан» Мақсаты: Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. 2. Музыка Тақырыбы: «Кел, ойнайық!» Мақсаты: Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну. Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау
--------	---------	---	--	---	---

IV апта	Ғажайып қыс	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызықтары» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Қол тиер тиместей секіру «Қар ұшқындарын тосып алу». Түрегеп тұрып бір қолмен допты домалату «Қар кесегін домалату». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Қыс қызықтары» Мақсаты: Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру «Аққалаға қонаққа барамыз». Түрлі бағытта жүгіру «Қар жауып тұр». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру. Бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Қыс қызықтары» Мақсаты: «Серуендейміз». Сызықтар арасымен (сызықтың арасының арақашықтығы 25 см) жүгіру. 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. Түрлі бағытта жүру	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков Мақсаты: Ақын туындыларына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл-күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс,үлбіреген, аққала сөздерін қолану арқылы сөздік қорларын кеңейту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту; қыс мезгілін сулулығын тамағалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баның ой-өрісін дамыту; Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: қыс мезгілі туралы түсінік беру; әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, пішіндерді орналастыру, құрастыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар» Мақсаты: Бояуды сүйкей жағау тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін көк түсті қағазға гуашты пайдалана отырып салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларды аққаланың қандай бөліктерден құралатынымен таныстыру. Екі дөңгелек қимылдармен кесектерді домалатуға, оларды біріктіруге үйрету. Балаларға аққаланы жасап, қуана білуге ынталандыру. Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр»
---------	-------------	--	--	--	--

I кіші топ 2019 жыл қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «Біздің кіші достарымыз»

Мақсаты: жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу; оларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін ажыратып, атай білуге үйрету;

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Ауладағы құстар (үй құстары)	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тауық балапандарымен» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Арақашықтығы 50 см жерден ересектерден допты тосып алу. Дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретін түрлі бұлшық ет топтарын нығайту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тауық балапандарымен» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық қабырғаға өз бетімен жоғары, төмен өрмелеу «Маймылдар». 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тауық балапандарымен» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру «Таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқалы жүгіру «Торғайлар мен автомобильдер». Қауіпті жағдайда (автомобиль келе жатыр) сақтық білдіруге үйрету	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме) Д.Данабеков Мақсаты: балаларға құстар туралы білім беруді жалғастыру; әңгіме кейіпкерлеріне жанашырлық білдіру; құстарға қамқорлық болуға тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй құстары: тауық, әтеш, балапан» Мақсаты: Балаларды үй құстары тауық, әтеш, балапандар туралы білімдерін кеңейтіп, оларды бір-бірінен ажырата білу. Ауызша сөйлеу тілін, сөз қорын дамыту. (тауық, әтеш, балапан, шоқиды, тары). Үй құстарына қамқорлық жасауға үйрету. Сенсорика Тақырыбы:«Әтешті құрастырамыз» Мқсаты: Көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету, үлкен және кішкентай сақинаны татқызу, ұжымдаса әрекет ете отырып пирамиданы жинауды орындату, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Балапандарға арналған жол» Мақсаты: Тақырып бойынша балалардың сурет салуға қызығушылығын жетілдіру. Балаларды бірқалыпты үлкен қимылмен кез-келген бағытта салуға үйрету. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен қысып ұстауға, өз жұмысының нәтижесін сезініп, риза болуға ынталандыру. 1.Музыка Тақырбы: «Көңілді қаздар» Мақсаты: Үлкеннің көрсеткен қимылын қабылдау және орындау ептіліктерін қалыптастыруды жалғастыру. Билерде және ойындарда музыка әуенімен бірінің қолынан бірі ұстап жүру, жүгіру. Қимыл әсемділігін дамыту. 2.Музыка Тақырыбы: «Құстар ән салады» Мақсаты: Әннің мағынасын түсіне білуге, мәнерлеп әндете айтуға үйрету.балалардың жеке, топпен және жұптасып ән айту дағдыларын бекіту. Зейін, есту қабілетін дамыту

II апта	Үй жануарлары	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішентай қошақандар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіру «Жылан». Жіптен секіру «Ордан секіріп өт». 60 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішентай қошақандар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүгіру. 30 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Қос аяқтап секіру «Менің көңілді, сыңғырлаған добым». Дене шынықтырумен айналысу ниетін, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға тәрбиелеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішентай қошақандар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіру «ойыншыққа тиіп кетпе». Баланың кеуде тұсынан керілген арақашықтығы 1 м болатын жіптен допты асыра лақтыру. Гимнастикалық қабырғаға өз бетімен жоғары, төмен өрмелеу «Маймылдар».	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Төлдер айтысы» Мақсаты: Балаларды өлең мазмұнымен таныстыру. шығарма тыңдау арқылы үй жануарларының төлдері туралы түсінік бере отырып, оларды ажырата білуге үйрету; Баланың диалогты сөйлеу тілін, әңгімелеп айту қабілетін дамыту;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Әжемнің ауласында» Мақсаты: Үй жануарларымен (сиыр, ешкі, мысық, ит.т.б) олардың дене мүшелерімен, шығаратын дыбыстарымен, қоректену тәсілдерімен, келтіретін пайдасымен таныстыру; Құрастыру Тақырыбы: «Жануарларға арналған аласа қаша» Мақсаты: жануарлаға арналған аласа қаша тұрғызу; кірпіштерді жіңішке ұзын қырларымен қалау арқылы тік бұрышты құрылма құрастыруды үйрету;	Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып, қысқа сызықтарды бір-біріне жақын салуға үйрету, саусақ бұлшықеттерін, қол қимыл қозғалыстарының икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Апликация Тақырыбы: «Төлдерге арналған қоршау» Мақсаты: төлдер туралы білімдерін нығайту; көлемі бірдей жолашақтарды сызық бойына дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру; Музыка Тақырыбы: «Жануарлар әлемінде» Мақсаты: Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу. Ән тыңдау: «Төлдер» Б.Ғизатов Ән айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Не қалай дыбыстайды?»
---------	---------------	--	---	--	--

III апта	Орманда нелер мекендейді?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Тапсырмалар арқылы жүру: домалап бара жатқан допты қуып жету «Допты ұста». Дене сапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдық). 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу «Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет-тыныс алу жаттығуларын дамыту «Поезд келеді» - «пыш-пыш».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеп беру. Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге үйрету. Педагогтың қойған сұрағы бойынша белсенді тілін дамыту. Бауырсақпен кездескен аңдардың көмегін есіне сақтап, қойған сұраққа сөзбен сөйлеммен жауап беруге, 3-4 сөзден тұратын құрап айтуға дағдыландыру. Баланы сезіне білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Мақсаты: Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беріп, оның ішінде аю, түлкі, қасқыр, қоянмен жақын таныстыру. Олардың не себепті жабайы аңдардың қатарына жататындығын түсіндіру, оның тіршілігі туралы әңгімелесу. Аңдарға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Көжекті жасыр» Мақсаты: төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілгентнысанды таңдауға үйрету; түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту; сары, көк, жасыл, қызыл түстермен балалрды таныстыруды жалғастыру; ұсақ қол моторикасын жетілдіру;	Сурет салу Тақырыбы: «Маймақ маң-маң басады» Мақсаты: Аюдың ізін қылқаламмен, қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту. Қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Орманда жақсы» Мақсаты: Музыкалық есте сақтауды және есту түсінігін дамыту, музыкалық шығармаларды тыңдауға және не туралы айтылып тұрғанын жеткізе білуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Қоян біздің орманда» Мақсаты: Музыкалық шығармаларды тыңдауда зейінді, сондай-ақ музыкалық есте сақтау мен есту түсінігін дамыту. Ән айтуда және әнге қосылып айтуда балалардың белсенділігін дамыту.
--	---	---	---	---	--

IV анги	Құстар біздің досымыз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «Батпақтағы көкқұтан». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан керілген арақашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру. Дене сапасын дамыту. Шапшаңдық, жылдамдық, күш түсініктерімен таныстыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. 35 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Өзінің тәсілі бойынша гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Ертегіні түсіндіру, балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғай, көгершін, қарлығашпен жақын таныстыру. Суреттер бойынша тілдік қорын жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Құстарға арналған ұя» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту, дағдыландыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Торғай» Мақсаты: дала құсатры туралы түсініктерін нығайту; дайын дөңгелектерге үшбұрыш пішіндер арқылы ұсақ бөлшектерін толықтыру, сурет салуға үйрету; Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көгершінге жем шашамыз» Мақсаты: дала құстары туралы түсінік беру; шымшыу әдісі арқылы торғайды мүсіндеу; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу; Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Өн тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Өн айту: «Кішкене торғай» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні
---------	-----------------------	--	--	--	--

I кіші топ 2019 жыл ақпан айы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Көліктер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Автотұрақта» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. 40 секунд бойы тоқтамай жүгіру. 1 м арақашықтықта допты себетке лақтыру. Көзбен өлшеу, нысанаға дәлдеу және тигізу іскерліктерін дамыту 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Автотұрақта» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру «Поезд». Гимнастикалық таяқшалардан (2 дана) секіріп өту. Арақашықтығы 1 м болатын себетке допты қос қолмен лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Автотұрақта» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. Бір жағы еденнен 15 см биіктікке көтерілген тақтайшаның үстімен жүру.Еңкіш тақтай үстімен орын ауыстыру барысында тепе-теңдік қалпын сақтауының, еңбектеу кезіндегі бұлшық ет күшінің дамуына мүмкіндік беру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көліктер» (сурет бойынша) Мақсаты: Суретте бейнеленген ойыншықтардың өзіне тән дыбысталуын, баланың белсенді сөздік тілін реттік сөздерді тыңдап қабылдауын дамыту. Сөздік қорын кеңейтіп, сөйлемді аяғына дейін айтуын қадағалау.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер. Автобус» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы білім беру, автобус көлігімен таныстыру. Көліктерді салыстырып, ортақ белгілері мен айырмашылықтарын тауып,көшеде жол ережеін сақтауға үйрету. Көлік жүргізушілерінің еңбегін бағалай білу. Сенсорика Тақырыбы: «Бағдаршам» Мқсаты: балаларға бағдаршамды таныстыра отырып, үш түсті тани ажырата білуге үйрету; балаларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамдардың атқаратын қызметімен таныстыру; бағдаршамның үш түсін рет-ретімен қоюға үйрету;	Сурет салу Тақырыбы: «Машинаның дөңгелектері» Мақсаты: Машинаның дөңгелегін карандаш арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту. Ойыншақтарды күтіп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырбы: «Бип бип машина» Мақсаты: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)

II апта	Мамандықтың бәрі жақсы	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Тапсырма арқылы жүгіру: домалаған заттарды қуып жету. «Допты қуып жету». Екі сызықтан аттап өту «Қояным». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м баяу қарқынмен жүгіру. Ені 10 см болатын жолдан секіру. «Ордан секіріп өту». Бір-біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып ойнауға тәрбиелеу. Шыдамдылықтарын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. 1 м арақашықтағы себетке оң қолмен бүршікті лақтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі) Корней Чуковский Мақсаты: дыбысты айтуды бекіту, сөйлеу тілін белсендіру; Балаларды мейрімділік, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Кімге не қажет?» дид.ойын Мақсаты: Балаларды дүкенші, дәрігер мамандықтарының негізгі кәсіптерімен таныстыруды жалғастыру. Мамандардың еңбек құралдарымен, қалай пайдалану туралы түсінігін қалыптастыру. Баланың есте сақтау,есту, зейінін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Төбешік» Мақсаты: құрылысшы мамандығы туралы түсінік беру; балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету; олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру; педагог ұсынған шарты бойынша құрылыс матнриалдарын кеңістікте дұрыс орналастырп төбешік құрастыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Тәтті кәмпиттер» Мақсаты: мамандық иелерімен таныстыруды жалғастыру; дүкенші мамандығы туралы әңгімелей отырып, тәтті кәмпиттердің суретін салуға үйрету; Аппликация Тақырыбы: «Ыдыстағы печеньеелер» Мақсаты: дүкенші ммандығымен таныстыруды жалғастыру; төртбұрыш пішіндерді ыдысқа орналстыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылққа тәрбиелеу; Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимылды ойын: «Көңілді ырғақ» биі. (Итальян полькасы)
---------	------------------------	---	---	--	---

III апта	Музыкалық аспаптар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен-кіші сылдырмақ» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м баяу қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүру. Балаларға өзін-өзі сылаудың қарапайым элементтерімен таныстыру, дені сау болу ниетіне тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен-кіші сылдырмақ» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 м арақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен-кіші сылдырмақ» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 15 см текшеден аттап өту. Кедергілерден өтуге, көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл қандай аспап?» Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру. Аспаптарда ойнау, тыңдау; сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу; Олардың пішінін, түсін білуге үйрету;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Сылдырмақ» Мақсаты: Балаларға ұрмалы аспаптар түрлері туралы мағұлмат бере отырып, олардың әрқайсысының дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету.Түр, түсін, қасиетін сипаттай білу. Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді аспаптар» Мақсаты: кеңістік қатынастармен танысу; жоғары-төмен сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету және педагог соңынан қайталап айту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; естіп, қабылдауды дамыту;	Сурет салу Тақырыбы: «Сылдырмақ» Мақсаты: баларға музыкалық аспаптар туралы түсініктер беру; дөңгелек пішін арқылы сылдырмақтың суретін салуға үйрету; Әсемдік талғамын дамыту. 1.Музыка Тақырыбы: «Барабан» Мақсаты: Бірғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырға ғымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту 2. Музыка Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар» Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту. Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету. Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру. Ойын ойнау арқылы ептілікке, баулиды.
----------	--------------------	---	---	--	---

IV апта	Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты қуып жет» Мақсаты: Жалғамалы қадаммен алға қарай жүру. «Допты қуып жет» ойыны. Гимнастикалық қабырғаға өздерінің тәсілі бойынша өрмелеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты қуып жет» Мақсаты: Жалғамалы қадаммен оң жаққа қарай жүру. «Автомобильден сақтан» ойыны. Екі паралель жатқан сызықтан (арақашықтығы 20 см) (ордан секіріп өту) секіру. Биіктігі 15 см текшелерден аттап өту. Балаларға өзін-өзі сылаудың элементін үйрету. Сылау – бұл денсаулыққа пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты қуып жет» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап ұзындыққа секіру. Қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар» (зерттеу) Мақсаты: Балаларға табиғат құрылыстары туралы түсіндіру. Қарды сипаттау арқылы тәжірибе жасау, зерттеу жүргізу; Жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: қағаз түрімен, қасиетімен таныстыру; майлықты умаждау арқылы қар кесегін жасауға дағдыландыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Сиқырлы бояулар» Мақсаты: түрлі түстерді қолдана отырып, сурет салуға үйрету; бояуларды араластыру арқылы алақанмен қанық түстерді шығаруды үйрену; Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі түсті дөңгелектер» Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды жасау үшін алақан қимылдарымен ермексаз кесектерін домалақтауға үйрету; Музыка Тақырыбы: «Достық» Мақсаты: Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу.
---------	-------------------------------	---	---	--

I кіші топ 2019 жыл наурыз айы

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Анамды мен сүйемін	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: Жыл жымалы қадаммен алға қарай жүру. 20 см биіктікке көтерілген тактайша үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 25 см болатын орындық үстіне шығу (онда тұрып, қолын жан-жаққа жіберіп тұру).Вестибулярлық аппараттарын, кеңістікті бағдарлауын дамыту. Дене бөліктері мен олардың міндеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: Заттарды (кегли) айнала отырып жүру. 40 секунд бойы тоқтамай жүгіру. 1 м арақашықтықта оң және сол қолмен себетке бүршікті лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: Жүгірумен алмастырып жүру. Алға жылжи отырып секіру. 10 см биік заттардың үстінен секіру. Тірек-қимыл аппараттарын дамыту, аяқ, қол, кеуде бұлшық еттерін нығайту. Балалардың денсаулығын нығайту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анамызға не сыйлаймыз?» А.Бактыгереева Мақсаты: Балаларды аналар мерекесі туралы мағлұмат беру. Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру; сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құруға үйрету; Аналарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Әжемді құттықтаймын» Мақсаты: көктем мезгіліндегі алғашқы сегізінші наурыз мерекесімен таныстыру; аналарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу; Сенсорика Тақырыбы: «Анама сыйлықтар арнаймын» Мқсаты: көктемгі мереке туралы мағұлмат беру; баларды әртүрлі заттарды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды дұрыс орналастыруға үйрету; ойлау қабілетін дамыту; аналарын сыйлай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сауыттағы гүлдер» (анаға сыйлық) Мақсаты: дөңгелектермен, шеңбермен гүлдерді салу;. Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіруді отырып, тұруды үйретеді. 2.Музыка Тақырыбы: «Анамызға сыйлаймыз» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауларын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Ырғаққа сай жеңіл қозғалға үйретеді. Ойын арқылы есту қабілетін арттырады.

II апта	Ертегілер елінде. Театр әлемі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бауырсақпен саяхат» Мақсаты: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүру. Жалғамалы қадаммен жұптасып, қолды ұстасып алға қарай жүру. Баладан 1 м арақашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыру 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бауырсақпен саяхат» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап ұзындыққа секіру. Биіктігі 28 см болатын орындық үстіне шығу (онда тұрып, қолын жан-жаққа жіберіп, аяқтың ұшына көтеріліп, қайта табанмен тұру). Дене шынықтырумен үнемі айналысу ниеттеріне, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға тәрбиелеу. Кеңістікті бағдарлау мен бірлесіп әрекет ету іскерлігін жетілдіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бауырсақпен саяхат» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысуға, отырып-тұру арқылы алға қарай жүруге, алға жылжи отыра секіріп жүруге үйрету. Кедргілерден өтуге, жаттығуларды көрсеткенге қарап орындауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегі) Мақсаты: Балаларды ертегіні мұқият тыңдауға, оның мазмұнына эмоционалды үн қатуға, үлкеннің көмегімен ешкінің әнін орындауға және сөзін айта отырып, ертегі мазмұнын жеткізе алуға үйрету;ертегі кейіпкерлеріне жанашыр болуға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Театр әлемінде» Мақсаты: баларға театр туралы түсінік бере отырып, олардың әртүрлілігі туралы мағұлмат беру; театрға деген қызығушылығын арттыру; Құрастыру Тақырыбы: «Саусақ театрна арналған сақиналар» Мақсаты: Балаларды үлкендер көмегімен жолақшалы сақиналар құрастыруға үйрету; қағазбен жұмыс жасауға үйрету; театр әлемі туралы түсінік беруді жалғастыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Бауырсаққа арналған жол» Мақсаты: баларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, қылқаламмен бауырсаққа арналған жолды түзу сызық арқылы салу дағдысын қалыптастыру; Аппликация Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: дөңгелек пішінді қағаз бетін бағдарлай отырып, дұрыс орналастыру, желімсіз аппликацияға үйрету; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; Қайырымдылыққа, жақсылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеуді жалғастыру. Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау. Әуенге әсерлену. Әнді жеке және топпен айтуға машықтандыру. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»
---------	-------------------------------	---	---	---	---

III апта	Әжеге қонаққа барамыз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз келеміз, келеміз» Мақсаты: Бірінің артынан бірі жүруге, жүгіруден жүруге ауысуға үйрету. 10см биіктікке көтерілген тақтайшаның үстімен төрт аяқтап еңбектеуге жаттықтыру. Лақтырған допты қағып алу. Тыныс алу бұлшық етін, белгіге реакциясын, қимыл үйлесімділігін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Біз келеміз, келеміз» Мақсаты: Түрлі бағыттарда жүруге, 35секунд бойы үзіліссіз жүгіруге жаттықтыру. Шеңбер бойындағы арқанды басып тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету. Ойын жаттығуларын орындауда сақ болуға үйрету 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: Біз келеміз, келеміз» Мақсаты: Түрлі бағыттарда жүруге, 35секунд бойы үзіліссіз жүгіруге жаттықтыру. Шеңбер бойындағы арқанды басып тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету. Ойын жаттығуларын орындауда сақ болуға үйрету	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әлди, әлди -ай» Мақсаты: Балаларға бесік жырын айтуда, сөйлеу тілін, мазмұнын тақпақпен жеткізуде белсенді сөздік қорын дамытып, қуыршақтың артистік қимылын көрнекі мысалмен келтіріп қызықтыру. Ойыншықтарды күтіп баптауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Наурыз келді» Мақсаты: Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру, дәстүрлер туралы түсінік беру. Салт- дәстүрді қадірлей білуге үйрету. Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі түсті асықтар» Мақсаты: баларды ұлттық ойын құралы асықпен таныстыру; оларды түстеріне қарай топтастырып, орналастыруға үйрету;	Сурет салу Тақырыбы: «Әженің тостағанын әшекейлеу» Мақсаты: бір сызық бойымен саусақпен тостағанды әшекейлеу Жалпы баланың ұсақ қол моторикасын дамытып, педагогтың көрсеткен әдісі бойынша жасай білуге үйрену. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта!» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні) 2. Музыка Тақырыбы: «Менің әжем ақ әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Әнді тыңдап, көңілді, көңілсіз екенін әңгімелеу. Әуенге байланысты қимыл жасау. Ойынға белсене араласуды қадағалау.
---	--	--	---	---	--

IV апта	Мерекелік дастархан	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыдырамыз» Мақсаты: Жалғамалы кадаммен оң жаққа қарай жүру. «Автомобильден сақтан» ойыны. Екі паралель жатқан сызықтан (арақашықтығы 20 см) (ордан секіріп өту) секіру. Биіктігі 15 см текшелерден аттап өту. Балаларға өзін-өзі сылаудың элементін үйрету. Сылау – бұл денсаулыққа пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыдырамыз» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап ұзындыққа секіру.Қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыдырамыз» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап ұзындыққа секіру.Қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қонаққа келіндер» Мақсаты: Үлгі бойынша сөйлеу тілінде заттың сапасын білдіретін сын есімдерді қолдана отырып, ойыншықтарға сипаттама беруге үйрету. Суретке сүйене отырып, сөйлем құрастыру іскерлігін бекіту. Қ.Баянбаевтың «Қонаққа келіндер» тақпағына және кітаптағы суретке сүйене отырыпы, балаларды қазақтардың салт дәстүрімен таныстыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мерекелік дастархан» (бауырсақ, көже, құрт) Мақсаты: наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, ұлттық тағамдар туралы мағұлмат беру; олармен таныстыру, адамгершілікке тәрбиелеу; Құрастыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: балардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру; қағазды умаждау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру; қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы:«Дастарханды әшекейлеу» Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстап, қозғалтып, түрлі түсті қағаз бетіне дөңгелекті салуды жалғастыру. Сары түсті және дөңгелек пішінді біліуін бекіту. Балаларды отбасылық мерекелерге сыйластықпен қарауға тәрбиелеу Мүсіндеу Тақырыбы: «Құрт» Мақсаты: төрт түлік малдың пайдасы мен өнімдері туралы түсінік беру; Қолдың тура қимылдарымен кесектерді домалатуға, ермексазды ұқыпты қолдануға үйрету. Музыка Тақырыбы:«Анамызға сыйлаймыз» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауларын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Ырғаққа сай жеңіл қозғалға үйретеді. Ойын арқылы есту қабілетін арттырады.
---------	---------------------	--	--	---	---

I кіші топ 2018 жыл сәуір айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Нұр төккен, гүл көктем	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бүршіктерді бақылайық» Мақсаты: Заттарды жинай, арқаннан секіріп өтіп, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Қимылдың әр түрімен таныстыру. Ойын жаттығуларын орындауда сақ болып, дене сапаларын дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бүршіктерді бақылайық» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 м арақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бүршіктерді бақылайық» Мақсаты: Жұп болып жүруге үйрету. 35 секунд бойы үзіліссіз жүгіруге жаттықтыру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату тәсілдерін үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қош келдің, көктем!» Мақсаты: Балаларға күн жарқырайды, шөптер, жасыл жапырақтар, қар жоқ т.б белсенді сөздік қорын қалыптастыру. Көру арқылы есте сақтауына әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктемгі табиғат» Мақсаты: Көктемгі табиғатты бақылатып, оның ерекшеліктерін түсіндіру. Сурет бойынша сөйлем көктемнің ерекшеліктерін ажырату; сөйлеуге дағдыландыру. Табиғатты аялауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Бақбақ гүлдер» Мақсаты: фланенграфта түрлі түсті геометриялық пішіндерді-шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету; балалар назарын белгілі бір түстегі фигура әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; табиғатты аялауға тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: балаларға қағаз бетіне сары түстен күннің шуағын сызықша арқылы қылқаламмен салуға үйрету; қылқаламмен дұрыс жаауға баулу; көркемдікті сезінуге тәрбиелеу; 1.Музыка Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты: Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. 2.Музыка Тақырыбы: «Көктем күні тамаша!» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Ән тыңдау: «Көктем» А.Еспенбетова Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен жаңбыр»

II апта	Ағаштар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүрлеу жолмен орманға барамыз» Мақсаты: Бір-бірінң қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүруге, шеңбер бойына тұра қалуға жаттықтыру. Бірлесе әрекет етуге, қимылдарын үйлесімді етуге үйрету. Допты себетке лақтыруға жаттықтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүрлеу жолмен орманға барамыз» Мақсаты: Заттарды (кегли) айнала отырып жүру. 40 секунд бойы тоқтамай жүгіру. 1 м арақашықтықта оң және сол қолмен себетке бүршікті лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүрлеу жолмен орманға барамыз» Мақсаты: Балаларды түрлі бағытта жүруге, 35 секунд бойы үзіліссіз жүгіруге жаттықтыру. Шеңбер бойындағы арқанды басып тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Торғай ағаш қорғайды» Мақсаты: өлең жолдарын оқи отырып, балаларға ағаштарды аялай білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдыларын жетілдіру; Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштардан қорғайды.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштарға қамқорлық» Мақсаты: Балаларға ағаштар туралы түсінік бере отырып, шөптерден айырмашылын ажырату, ағаштардың негізгі белгілері: діңі, бұтағы, жапырағы туралы білімдерін жетілдіру, әсемдікті сезініп, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: бірнеше бөліктен тұратын бірдей көлемдегі қағаздарды ретімен орналастыру; (жоғарыдан төменге); табиғатты аялай білуге тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Бүршік жарған ағаштар» Мақсаты: берілген ағаш суретіне саусақпен бүршіктерді дұрыс орналастырып салуға үйрету; ұқыптылыққа тәрбиелеу; Аппликация Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Мақсаты: балалардың көктемгі ағаштар туралы түсінігін кеңейту; әртүрлі көлемдегі жолақшалардан ағашты қағаз бетіне желімсіз орналастыру; орындалған жұмысқа қуаныш сезімін ояту; зейінін арттыру; Музыка Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіруді отырып, тұруды үйретеді.
---------	---------	---	--	---	---

Ш апта	Су әлемі. Аквариум	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көпір үстімен» Мақсаты: Заттарды айнала шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық таяқшалардан секіріп өтуге, 1м қашықтықтағы себетке допты екі қолымен лақтыруға үйрету. Қимылдың дәлдігін, тепе-теңдік пен қимыл үйлесімділігін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көпір үстімен» Мақсаты: Жүп болып жүруге үйрету. Төртаяқтап тақтайша бойымен еңбектеуге, жүруге үйрету. Еңбектеу барысында бұлшық ет күшінің дамуына көмектесу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көпір үстімен» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу «Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Д\О:«Алуан түсті балықтар» Мақсаты: балалардың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру; табиғатта тіршілік ететін балықтардың түрлерін, дене мүшелері, олрдың пайдасы туралы білімдерін кеңейту; балықтарды түсіне қарай атап тануға, жем шашуға үйрету; сөздік қорын молайту;қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумдегі керемет» Мақсаты:ойындық әрекетті қолдана отырып, балаларды аквариуммен және оның тұрғындары-балықтармен таныстыру; балықтың түрі туралы, «алтын балық» туралы және оның айрықша ерекшеліктері жайлы, тыныс алу, тамақтану тәсілдері туралы біліммен ой-өрісін кеңейту; Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру, сумен ойын ойнату арқылы жағымды сезімді жеткізу; балаларды судың қасиетімен таныстыру; сумен ойналатын ойындар үшін керек жабдықтарды даярлауға, оны жинауға балаларды үйрету; табиғатты аялауға тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Алтын балық» Мақсаты: балаларды бейнелеу әрекетінің түрлі тәсілдеріне үйретуді жалғастыру; затты қолдың алақанымен таңбалап салу іскерлігін және ұсақ бөліктерді соңына дейін салып бітіру икемдігін бекіту; 1.Музыка Тақырыбы: «Су әлемінде» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. 2. Музыка Тақырыбы: «Су әлемінде» Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту. Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету. Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру. Ойын ойнау арқылы ептілікке, баулиды.
--------	--------------------	--	--	--	--

IV апта	Жәндіктер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құмырсқалар» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет-тыныс алу жаттығуларын дамыту «Поезд келеді» - «пыш-пыш». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құмырсқалар» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 15 см текшеден аттап өту. Кедергілерден өтуге, көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құмырсқалар» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. 20 см биіктікке көтерілген тақтайша үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 25 см болатын орындық үстіне шығу (онда тұрып, қолын жан-жаққа жіберіп тұру).Вестибулярлық аппараттарын, кеңістікті бағдарлауын дамыту. Дене бөліктері мен олардың міндеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін» С.Көбеев Мақсаты: балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, құмырсқаның еңбекқорлығын, көгершіннің бейбітшілік құсы екенін айтып түсіндіру; сөздік жұмыстар жүргізу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру; жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру; жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету; жәндіктерді қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу; Құрастыру Тақырыбы: « Көбелек» Мақсаты: Табиғи материалдарды пайдаланып көбелекті құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ой-қиялын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:Жәндіктер.«Қанқыз» Мақсаты: дайын сурет бетіне қанқыздың дақтарын саусақпен салуға үйрету; балалардың қол қимылын әрекетін жетілдіру; шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету; жәндіктерге қамқорлық сезімдерін ояту; балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу; Мүсіндеу Тақырыбы: «Жасыл жапырақтағы құрт» Мақсаты: Балаларды бірнеше бөліктен тұратын заттарды мүсіндей білуді жалғастыру. Құрттың құрылысын құрастырып, бейнесін мүсіндеуді, жәндіктер әлеміне сүйіспеншілікпен қарау; Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту. Ән тыңдау: «Араның әні» А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Көбелектер бии»
---------	-----------	--	---	--	---

I кіші топ 2019 жыл мамыр айы

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5
I апта	Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлдер тергенде» Мақсаты: Жұп болып жүруге үйрету. Төртаяқтап тақтайша бойымен еңбектеуге, жүруге үйрету. Еңбектеу барысында бұлшық ет күшінің дамуына көмектесу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Гүлдер тергенде» Мақсаты: Заттарды айнала шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық таяқшалардан секіріп өтуге, 1м қашықтықтағы себетке допты екі қолымен лақтыруға үйрету. Қимылдың дәлдігін, тепе-теңдік пен қимыл үйлесімділігін дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Гүлдер тергенде» Мақсаты: Балаларды түрлі бағвтта жүруге, 35 секунд бойы үзіліссіз жүгіруге жаттықтыру. Шеңбер бойындағы арқанды басып тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Сүйкімді өсімдіктер» Мақсаты: балаларды фикус гүлімен таныстыру; белсенді сөздік қорын байытуды жалғастыру; бөлме өсімдіктеріне қамқор болуға тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Гүлдер» (Қызғалдақ) Мақсаты: Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру. Оның сабағы мен гүлі туралы түсінік беру. Қызғалдақтың басқа гүлдерден ерекшелігін ұғындыру. Қоршаған әлемдегі әсемдекті сезіне білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Гүлдерге қонған көбелектер» Мқсаты: заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; табиғатты аялауға тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Фигус» Мақсаты: балаларды бөлме гүлдерімен таныстыруды жалғастыру; бояудың түстерін анықтау жұмысын жалғастыру, дайын берілген бейнеге алақанды бояуға батыру арқылы толықтыруға үйрету; сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру; 1.Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз» 2.Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән салу дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз»

II апта	Жыл 12 ай	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көрікті көктем» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу «Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көрікті көктем» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет-тыныс алу жаттығуларын дамыту «Поезд келеді» - «пыш-пыш». 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көрікті көктем» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «Батпақтағы көкқұтан».	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Таң атып, күн шықты» Сатмухамбетова Қ.С (Хрестоматия 2-3жас) Мақсаты: балаларға өлең жолдарын мәнерлеп оқу; шығарманың мазмұнын түсіндіру және эмоцалды қабылдау;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: балаларға жыл мезгілдері туралы, маусымға тән өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту; Құрастыру Тақырыбы: «Біздің саяжай» Мақсаты: «Біздің саяжай» сюжеттік тақырыбында үй салуға үйрету, ойыншықтар пішінімен сәйкес құрылыс материалдарын таңдау; сюжеттік композицияларға қызығушылықтарын арттыруға, эмоциялық пікірін оятуға жағдай жасау;	Сурет салу Тақырыбы: «Алаңқайдағы жедектер» Мақсаты: балаларға жедектер туралы мағұлмат беру; дайын суретті саусақпен салу арқылы толықтыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу; Аппликация Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: балаларға бірнеше дайын бөлшектерден құрастыру тәсілімен саңырауқұлақтар бейнесін жасау; кеңістікте бір-біріне қатысты, тұтас бейне құрауға үйрету; Музыка Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты:Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге, жұптаса билеуге дағдыландыру. Ән тыңдау: «Қолқанат» Д.Омаров Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»
---------	-----------	--	---	--	---

III апта	Мен жасай аламын	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Міне, біз қандаймыз!» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру «Таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқалы жүгіру «Торғайлар мен автомобильдер» Қауіпті жағдайда (автомобиль келе жатыр) сақтық білдіруге үйрету 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Міне, біз қандаймыз!» Мақсаты: Құстар ұшып барады-топталып жүгіру. Еңкіш тақтай бойымен жоғары-төмен жүру. Саты-баспалдақпен өрмелеу. Қимыл-қозғалыс аппараттарын нығайту, бала ағзасына жағымды эмоция беретін жаттығулар жасау. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Міне, біз қандаймыз!» Мақсаты: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүру. Жалғамалы қадаммен жұптасып, қолды ұстасып алға қарай жүру. Баладан 1 м арақашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен досыма көмектесемін» Мақсаты: балалардың өздерінің достары туралы әңгімелеуге шақыру; сөздік қорын дамыту, 3-5 сөзден тұратын тіркестермен, сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; достық қарым-қатынас орнату; адамгершілікке тәрбиелеу;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен үй жануарларына қамқорлық жасаймын» Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту, оларға қалай көмектесе алатындарын еске түсіру; ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту; үй жануарларын аялай білуге тәрбиелеу; Сенсорика Тақырыбы: «Қиылған суреттер» Мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттерін: бөлшектерден бүтінді шығару дағдысын дамыту; қол қимылының икемділігі мен көз арқылы бейнені жүргізу дағдысын дамыту; суретте бейнеленген затты тануға және оны атауға үйрету; сәйкес суреттерді табу; ұқыптылыққа тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы: «Шар» Мақсаты: балаларға бейнеленген шеңбердің ішін түрлі түсті карандашты пайдаланып, бояу дағдыларын қалыптастыру; әдемі бояуға үйрету; 1.Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!» 2.Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Жаңа ән үйрену Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»
-----------------	-------------------------	--	---	---	--

IV апта	Көңілді жаз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз қандай үлкенбіз!» Мақсаты: Бағытты белгі бойынша ауыстыра отырып, барлық бағытта жүруге, қол ұстасып, жұптасып, отырып-тұрып алға жүгіруге үйрету. Шығыршықтарға доп лақтыруға үйрету. Белсенділігін, қимыл үйлесімділігін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз қандай үлкенбіз!» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап ұзындыққа секіру. Биіктігі 28 см болатын орындық үстіне шығу (онда тұрып, қолын жан-жаққа жіберіп, аяқтың ұшына көтеріліп, қайта табанмен тұру). Дене шынықтырумен үнемі айналысу ниеттеріне, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға тәрбиелеу. Кеңістікті бағдарлау мен бірлесіп әрекет ету іскерлігін жетілдіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз қандай үлкенбіз!» Мақсаты: Шағын топпен жүру және жүгіру. Допты бір қолымен лақтыру. Көптеген бұлшық ет топтарының жұмыстарына ықпал ететін қимылдарды үйлестіру.	Жаратылыстану Тақырыбы: Тақырыбы: «Жадыра, жайна жарқын жаз!» Мақсаты: Табиғатты бақылай отырып, жаз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін таныстыру, баланың сөздік қорын молайту, назар аудару, сұраққа жауап беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен Құрастыру Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: күн туралы түсіндіру; балаларды ұмаждау әдісін жетілдіру, ұмаждау арқылы домалақ пішінді келтіруді бекіту; ұқыпты жұмыс жасай білуге үйрету;	Сурет салу Тақырыбы: «Әдемі көбелектер» Мақсаты: бейнеленген көбелектің суретіне саусақты бояуға батыра отырып, әдемі дақтарын әсемдік сезімін қабылдап, сурет салу қабілетіне тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоңыздар» Мақсаты: жәндіктер туралы білімдерін дамыту; баларды дөңгелектеу және жалпайту арқылы қоңызды мүсіндеуге үйрету; қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; Музыка Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын
---------	-------------	---	--	--